



БҰЙРЫҚ

16.02.2024

ПРИКАЗ

№ 56-н/к

**Тендер өткізу тәсілімен 2024 жылға
Тегін медициналық көмектің кепілдік
берілген көлемі шеңберінде және МӘМС
жүйесінде медициналық мақсаттағы
бұйымдар сатып алуды өткізу туралы**

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2023 жылы 7 маусымдағы № 110 бұйрығын басшылыққа ала отырып бюджет қаражатын ұтымды пайдалану мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тендер өткізу тәсілімен 2024 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алуды өткізу бойынша мына құрамда комиссия құрылсын:

2. Тендер өткізу тәсілімен 2024 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алу үшін бөлінген сома, тізбесі және саны осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Әкімшілік бөлімі алдағы уақытта баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін 2024 жылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алу туралы хабарландыру интернет ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Комиссия мүшелері баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 2024 жылға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар сатып алу бойынша әлеуметті өнім берушінің өтінімін қарауды іске асырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауын қадағалауын өзіме қалдырамын.

Бас дәрігер



М.С.Ермаханбетова